

**Түркістан облысы, Төлеби ауданы, Ленгір қаласы
«Қарлығаш» бөбекжай- бақшасы мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорны**

**Ойындар арқылы балалардың зерттеушілік, танымдық
коммуникативтілік дағдыларын дамыту**

Авторлық бағдарлама

**Оралбекова Зәуреш Пернебекқызы
Буркитбаева Эльмира Даулетқызы
Тасымбекова Қарлыға Нахыпбекқызы**



Төлеби ауданының білім бөлімінің «Озық іс – тәжірибе тарату туралы»
29.03.2024жылы өткізілген аудандық әдістемелік кеңестің №5 хаттамалық
шешімі бойынша баспаға ұсынылды. Бұйрық №101-п. 08.04.2024ж.

Ұйымдастырылған іс- әрекеттердің тақырыптық жоспары

№	Тақырыбы	Сағаты
1	«Киіз үй»	1
2	«Ақылды сағат»	2
3	«Айналмалы әткеншек»	3
4	«Неге не қажет?»	4
5	«Пішіндердің орнын тап»	5
6	«Қандай құс»	6
7	«Өрнек салынған суретті тап»	7
8	«Қайда мекендейді ?»	8
9	«Ойнайық та,ойлайық»	9
10	«Логика әлеміне саяхат»	10
11	«Әдемі гүл құрастыр»	11
12	«Қайда өседі?»	12
13	«Не қайда тұрады ?»	13
14	«Сандарды ретімен қоя отырып сурет құрастыр»	14
15	«Қазына табу»	15
16	«Отбасында кім жоқ?»	16
17	«Қолғаптың сыңарын тап»	17
18	«Сиқырлы су»	18

1.Тақырыбы: « Киіз үй»

Мақсаты: Балаларға қазақ халқының ежелгі тұрағы киіз үй туралы мәлімет беру,киіз үй құрылысымен таныстыру.Балалардың танымдық зияткерлік қабілеттерін арттыру,жүрегіне ұлттық сана сезімді ұялату,ұлттық өнер жайлы білімін кеңейту,ұлттық құндылықтарды қадірлеуге тәрбиелеу..

Әдіс тәсілдері:Көрсету ,түсіндіру, сұрақ жауап.ойын.

Көрнекілігі: Интерактивті тақта,киіз үй,жабдықтары,суреттер т.б.

Ұйымдастыру кезеңі: Шаттық шеңберге тұрады

Кең даланың ежелгі

Қазақ дейтін халқымыз

Өзге ұлттай біздің де,

Бар дәстүр мен салтымыз

Балалар киіз үйдің құрал – жабдықтарын, құрлысын кім біледі атай алады.

(балалар иә, жоқ деп жауап береді)

Тәрбиеші: Дидактикалық ойын «Киіз үй» ойнатылады.

Көтеріліп шаңырақ (қолдарын жоғары көтереді)

Уықтары шаншылып (қолдарын жоғары көтереді)

Керегелер керіліп (алақандарын ашады)

Өрім дей болып өрілер (қолдарын белге қояды)

Бәріміз бірге жүрсек айналып, киіз үй болып көрінер.

Тәрбиеші: Ендеше балалар мен сіздерге қазақтың киіз үйі туралы түсіндіріп өтейін. Тәрбиеші киіз үйдің құрал – жабдықтарымен таныстырып, қазақ халқының салт – дәстүрін байланыстыра отырып киіз үй туралы мол мағлұмат береді.Интерактивті тақтадан көрсетеді.

Балалардың жауабы: Киіз үй құрылысын атап береді.

- Кереге, шаңырақ ,уық,

босаға, сықырлауық,

табалдырық, маңдайша.

Киіз үй жабдықтарын атап береді.

- Іргелік, туырлық, үзік, түндік, ши, есік.

Сергіту сәті: Кел балалар тұрайық,

Үлкен шеңбер құрайық.

Шаңырақты көтеріп,

Керегені құрайық.

Уықтарша иіліп,

Шаңыраққа қосылып.
Қазақ үйді құрайық..



Тәрбиеші: Балалардан киіз үй туралы кім тақпақтар біледі жатқа айтады.

1 – бала: Қабырғасы тор көз,
Төбесінде зор көз. (Кереге, Шаңырақ)

2 – бала: Тұмсығын тесіп.
Жүннен бұйда есіп
Қазыққа байлады. (Уық)

3 – бала: Төбедегі көзінен.
Күн сәулесі түседі.
Бұрышы жоқ төрінен.
Самал еркін еседі. (Киіз үй)

4 – бала: Жетпіс екі найзасы.
Біріктіріп тұрады. (Шаңырақ)

Ойын « Киіз үйді құрастыр»

Мақсаты:Балалардың ойын арқылы танымдық, зертеушілік қабілеттерін дамыту. Киіз үйдің құрылымын танып білуге,сыртқы жабдықтарын орналастыра білуге,оюлардың түрлерін ажырата білуге,оюларда көрсетілген пішіндердің түрлерін ажырата білуге үйрету.Безендіре отырып балалардың ұсақ қол моторикаларын дамыту.

Шарты:Балалар топқа бөлініп жұмыс жасайды.Бір топ киіз үйдің сыртын безендіреді.оюлар жапсырады,есіктерін құрастырады,өрнектерін өреді.Екінші топ киіз үйді құрастырады.

Үшінші топ суреттермен жұмыс жасайды. Суретте ұлттық заттар, тағамдар, ойындар, аспаптар бейнеленген. Бесінші топ киіздің жасалу жолын зерттейді.

Тәрбиеші: Балалар біз бүгінгі іс әрекетімізде не білдік, не үйрендік. Ненің құрлысымен таныстық?

- Киіз үйдің қандай құрал – жабдықтарын білдіңдер?
- Киіз үйдің құрылысы қалай аталады екен?

Балалар сұрақтарға жауап береді.

Қорытынды:

Балалар бүгінгі іс әрекетке барлықтарың жақсы қатыстыңдар. Киіз үймен таныс екендеріңді таныттыңдар. Сабаққа жақсы қатынасқан балаларды мадақтау.

Тәрбиеші жұмбақ жасырып іс әрекетті қорытындылайды:
Төбедегі көзінен.
Күн сәулесі түседі.
Бұрышы жоқ төрінен.
Самал еркін еседі. (Киіз үй)

2. Тақырыбы: « Ақылды сағат»

Мақсаты: Балаларды трансформацияланған логикалық ойындар арқылы сыни ойлауын, қабылдау, есте сақтау қабілеттерін дамыту, қоршаған ортаны танып білуге деген құштарлықтарын арттыру.

Әдіс тәсілдер: Көрсету, түсіндіру, сұрақ жауап, ойын, миға шабуыл.

Көрнекіліктер мен заттық ресурстар: Сағат пішіндес үлкен дөңгелек, майда жапсырма суреттер, басқа да ойынға қажетті заттар.

Ұйымдастыру кезеңі: “ Миға шабуыл” әдісі

-Балалар біз уақытты қалай бағдарлаймыз ?

- Бір тәулікте неше сағат бар ?
- Таңертең, түсте, кешке, түнде не істейсіңдер ?
- Балалар мына суретке қарайықшы бұл не екен ?
- Дұрыс айтасыңдар бұл сағат екен .Бірақ бұл жай сағат емес Ақылды сағат екен . Олай болса біз бүгін осы сағатпен “Ақылды сағат” деген қызықты ойындар ойнаймыз.



Ойын нұсқасы: « Төлін тап»

Мақсаты: Үй жануарларын танып ,олардың төлдерін ажырата білуге үйрету. Үй жануарларына қамқорлық танытуға тәрбиелеу.

Шарты: Сағат пішінді үлкен дөңгелектің шетіне үй жануарлары мен олардың төлдерінің суреттері жапсырылады .Сағат ортасында ұзын және қысқа тілдері болады бағыт көрсетіп тұратын.Балалар сұрақ жауап арқылы төлдерін табулары қажет.Мысалы түйенің төлін тап десе ,ұзын тілін түйеге қысқа тілін ботаға әкеліп қояды.

Ойын нұсқасы: « Маманға не қажет»

Мақсаты: балаларға кәсіп туралы түсінік беру.Олардың қажетті құралдарын танып білуге үйрету.Үлкендердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.

Шарты : Сағат шетінде әртүрлі мамандық иелері мен олардың құрал жабдықтарының суреттері орналастырылады.Балалар бірінші ойындағыдай табулары қажет ,қай маманға не қажет екенін.Мысалы: Аспазшы десе ,сағаттың үлкен тілін аспазшыға ,кіші тілін ыдыстардың суретіне бағыттап қояды.

Сергіту сәті : Сағаттың тіліндей

Иіліп оңға бір
Сағаттың тіліндей
Иіліп солға бір
Оң аяқ, сол аяқ
Жаттығу оңаяқ .

Қорытынды: Екі жұлдыз бір тілек .

Күтілетін нәтиже : Балалар ойынды түсіне қабылдап ойнай біледі.

3 Тақырыбы : «Айналмалы әткеншек»

Мақсаты: Балалардың танымдық және коммуникативті дағдыларын дамыту, дыбыстарды ажыратып, сөздерге сөйлем құрай білуге үйрету. Ойындар арқылы балалардың ойлау қабілеттерін, тіл байлықтарын дамыту.

Көрнекілігі: Суреттер, үлкен айналмалы әткеншек. Әріптер кестесі, Интерактивті тақта.

Әдіс тәсілі: Түсіндіру, көрсету, сұрақ жауап, ойын.

Ұйымдастыру кезеңі: Шаттық шеңбері.

Балалар әркім өз есімдерінің бірінші дыбысынан басталатын жылы тілектер айтайық.

-Инабат айтады: Иманды болайық!

-Кәусар: Күніміз жарық болсын!

Аяулым: Аспанымыз ашық болсын...

Негізгі бөлім: Жарайсыңдар балалар.

Балалар сендер саябаққа барғыларын келеме?

Олай болса біз саябаққа барып, серуендеп, қызықты ойындар ойнап келейік.

Ғажайып сәт: Алдарынан қоян шығады

-Сәлеметсіңдер ме, балалар!

-Сәлеметсін бе қоян. Біз саябаққа серуендеп ойын ойнауға келдік. Бірақ көңілді әткеншекті таба алмадық. Бізге сен көмектесесің бе?

-Ия әрине егер сендер менің тапсырмаларымды орындасаңдар. Мен сендерді көңілді әткеншекке алып барамын.

Бірінші тапсырма:Әріптерді оқу.

Екінші тапсырма.

Дидактикалық ойын: Дыбыстарды үйшігіне сал.

Мақсаты:Дыбыстар мен әріптерді ажырата білуге және орындарын тауып,атын атай білуге үйрету.

Мысалы:Көк түсті үйшікке дауыссыз дыбыстарды салады.Қызыл түсті үйшікке дауысты дыбыстарды салады.

Дұрыс айтасындар балалар дейді қоян.Менің тапсырмаларымды дұрыс орындадыңдар,енді сендерді көңілді әткеншекке алып барайын.

Ойын:Көңілді әткеншек.

Мақсаты:Балаларды дыбыстарды танып,сөзден сөйлем құрай білуге үйрету.

Шарты:Айналмалы әткеншекте әртүрлі суреттер болады.

Балалар музыка әуенімен әткеншекті айналады.Музыка әуені тоқтағанда шеңбердің бағыты қай суретте боса,сол жерге тоқтаған бала суреттің атын айтып сол сөзге сөйлем құрайды.(Мысалы: Гүл,мен анама гүл сыйладым)



Сергіту сәті: Ал балалар бір ауық,

Әріп сырын ұғайық.

«А» дегенде ашайық,

«Б» дегенде жұмйық.

«А»,»Б», «А», «Б» жазу жазамыз тағы.

Қорытынды: Қоян балаларға сыйлықтар ұсынады.

Екі жұлдыз,бір тілек.

Күтілетін нәтиже: Балалар ойынға қызығушылық танытып, дыбыстарды ажыратып, сөздерге сөйлем құрай біледі.

4 Тақырыбы: “Неге не қажет?”

Мақсаты: Балалардың ойын арқылы ойлау қабілеттерін жетілдіру, коммуникативті дағдысын, есте сақтау қабілеттерін дамыту.

Әдіс тәсілі : Түсіндіру, сұрақ-жауап, ойын көрсету.

Көрнекілігі : Суреттерді интерактивті тақта арқылы көрсету.

Ұйымдастыру кезеңі: Шаттық шеңбері.

Балалар бір-бірімізге жақсы тілектер айтайық.

-Еліміз аман болсын!

-Аспанымыз ашық болсы!

-Мейірімді болайық!

-Деніміз сау бослын.

Негізгі бөлім: Ғажайып сәт. Қонаққа Айя келеді.

- Сәлеметсіңдер ме балалар!. Мен сендерге қызықты ойын алып келдім менімен бірге ойнауға қалай қарайсындар?

Балалар Айямен бірге ойын ойнауға келіседі.

Ойынның аты “Неге не қажет.”

Мақсаты: Балалардың ойын арқылы сыни ойлауын жетілдіру, заттарың қажеттілігін танып білуге үйрету

Шарты: Балаларға суреттер көрсетіледі әр түрлі. Сол суреттердің ішінде қай затқа не қажет екенін балалар табуы қажет.

Мысалы: (барабанға-таяғы скрипкаға-тартатын таяқшасы, күшікке-сүйегі)

Ойын сұрақ жауап-арқылы жалғаса береді



Ойынның аты: Заттың қандай бөлігі жоқ?

Мақсаты: Затты танып білуге, атын атай білуге және неге қолдануға болатынын білуге үйрету.

Шарты: Балаларға интерактивті тақтада суреттер көрсетіледі,суреттің бір бөлігі жоқ.Балалар сол бөлігін тауып,заттың атын атап сипаттап беруі қажет.Мысалы:Қоян.Қоянның бір құлағы жоқ,қоян жануар т.б.

Сергіту сәті: Шапалақтап қол соғамыз

Бір,екі, үш
Аяқпенен топ басамыз
Бір ,екі,үш.
Иілеміз оңға бір
Иілеміз солға бір
Отырамыз тұрамыз
Сәл тынығып аламыз.

Айя балаларға өз ризашылығын білдіреді.

Қорытынды: Балалардың сурет бойынша сұрақтар қойып ойларын жинақтау,іс әрекетке қорытынды жасау.

Күтілетін нәтиже: Балалар заттардың қолданыста бір біріне қажеттілігін біледі.

5. Тақырыбы: « Пішіндердің орнын тап»

Мақсаты:Балалардың танымдық және физикалық қабілеттерін дамыту, геометриялық пішіндер туралы түсінік бере отырып,балалардың есте сақтауын, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.

Әдіс тәсілдер: көрсету,түсіндіру,сұрақ жауап, ойын .

Көрнекі құралдары мен заттық ресурстары: Геометриялық пішіндер,жерде геометриялық пішіндер бейнеленген кілемше,геометриялық пішіндердің суреттері салынған қорапша,таратпа пішіндер.

Ұйымдастыру кезеңі: Ғажайып сәтпен басталады.

Қонаққа Буратино келеді.Балалармен амандасады.

--Сәлеметсіңдер ме балалалар !Қалдарың қалай ?

-Мен сендерден көмек сұрайын деп келіп едім,маған Карло мына пішіндерді үйреніп атын жатқа айт деп еді .Бірақ мен бұларды білмеймін маған үйретесіңдер ме .

-Әрине біз саған көмектесеміз сен қам жеме .Біздің балалар барлығын біледі.Сен жақсылап қарап тыңдап отыр.

Бұл қандай пішін?

Дөңгелек

Ол неге ұқсайды?(Допқа , шарға ,күнге,машинаның доңғалағына,руліне) .

Бұл қандай пішін?

Сопақша

Ол неге ұқсайды екен

Жұмыртқаға,қауынға,шарға

Ал мынау шаршы .Терезеге, үйдің қабырғасына ұқсайды

Әр пішінге жеке тоқталып айту.

Буратино сен үйреніп алдың ба?

Олай болса бізбен қызықты ойын ойнауға қалай қарайсың

Ойын: « Пішіндердің орнын тап»

Мақсаты: Пішіндерді танып білуге үйрету ,қимыл қозғалысын дамыту.

Шарты:Балалардың қолына пішіндер таратылады,балалар жердегі кілемшеден сол пішіндерге секіріп барып қорапшадағы орнына салады.Мысалы:Балаға үш бұрыш беріледі,бала жердегі үш бұрыштардан секіріп қорапшаға апарып қолындағы пішінді салады.

2.Ойын:Көпір құрастыр.

Мақсаты: Балалардың танымдық және физикалық қабілеттерін арттыра отырып пішіндері ажыратып орындарын танып білуге үйрету.

Ойынның шарты:

Жерде ұзын пішіндердің бейнесі сызылған ақ мата жатады.

Балалардың қолдарына геометриялық пішіндер беріледі балар пішіндердің орнын тауып көпір құрастырады.Сол көпірден секіріп өтеді.



Сергіту сәті: Қарлығашқа ұқсайық
Қанат қағып алайық
Тырналарша тізіліп
Үш бұрышты сызайық.

Қорытынды:Буратино балаларға өз алғысын білдіреді.
Екі жұлдыз бір тілек .

Күтілетін нәтиже:Балалар геометриялық пішіндерді біледі.

6. Тақырыбы: « Қандай құс»

Мақсаты: Балалардың танымдық және коммуникативтік қабілеттерін дамыту, ойын арқылы құстардың түрлерін танып, ажырата білуге,оларға

қамқорлық танытуға,табиғатты аялап сүюге тәрбиелеу. Көркем эстетикалық шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Әдіс тәсілдер: Түсіндіру,сұрақ жауап,мнемокесте арқылы тақпақ айту, ойын.

Көрнекілігі: Интерактивті тақта. Құстардың суреттері ,екі ағаш макеті,майда құстар суреттері (жапсырма).

Ұйымдастыру кезеңі: Тақпақ

Табиғат біздің анамыз

Табиғатқа баламыз

Иіліп сәлем береміз

Біз әдепті баламыз.

Негізгі бөлім: - Балалар біздің кең байтақ жеріміздің табиғаты өте сұлу әрі әдемі.Біздің жерге жетер ешбір мекен жоқ.

Бізді қоршаған орта не екен?.

Біз бүгін осы табиғатымызға әдемі көрік беретін құстар жөнінде әңгімелейміз,қызықты ойындар ойнаймыз.

Суретпен жұмыс.Құстар туралы ,олардың түрлері туралы әңгімелеу.

Ойын: “ Дауысынан ажырат”

Мақсаты: Құстарды танып, дауысын ажырата білуге үйрету.

Шарты: Үнтаспадан құстардың дауысы естіледі.Балалар қай құстың дауысы екенін табулары қажет.

Жұмбақ жасыру: Қонып алып жарға

Қарқылдайды қарғақарға

Мақал мәтелдер мен болжамдар айту.

Аққуды атуға болмайды

Достықты сатуға болмайды.

Болжамдар: Құс төмен ұшса, жаңбыр жауады,жоғары ұшса күн жылынады.

Ойын: “Қандай құс?” Педагогтің жетекшілігімен жүргізілетін ойын.

Мақсаты: Балаларға құстарды танып ,олардың түрлерін ажырата білуді үйрету.Ойлау қабілеттерін ,коммуникативті дағдысын қалыптастыру,дүниетанымын кеңейту.

Шарты:Қыс пен көктем бейнесі бейнеленген ағаштың макеттеріне құстарды ажырата отырып жапсырмамен орналастырады.Қыстап қалатын құстарды ,және жыл құстарын.Олардың тіршілігі туралы айтады,қимылын көрсетеді.



Сергіту сәті: Мнемокесте арқылы тақпақ айтып қимылын жасау.

1, 2, 3 -ал қанекей ұш

4,5,6,7 - анау ауыл шеті

8, 9, 10 -ал қанекей қон.

Балалар топқа бөлініп шығармашылық жұмыспен айналысады.

Құстардың суретін салады, жапсырады, мүсіндейді.

Қорытынды: Екі жұлдыз бір тілек. Сұрақ жауап арқылы оқу қызметіне қорытынды жасау.

Күтілетін нәтиже: Балалар құстар туралы біледі, бала үні естілді, коммуникативті дағды қалыптасты, сыни ойлай алады.

7. Тақырыбы: « Өрнек салынған суретті тап»

Мақсаты: Балаларға қазақтың ұлттық бұйымдары мен ою өрнектері туралы түсінік беру. Ойын арқылы ұлттық салт дәстүрге деген қызығушылықтарын ояту, ой өрісін, зейіндерін дамыту.

Әдіс тәсілдері: Көрсету, түсіндіру, сұрақ жауап, ойын.

Көрнекілігі: Ою өрнектердің суреттері, суреттер, лүллия шеңбері.

Ұйымдастыру кезеңі: интерактивті тақтадан суреттер көрсету. Ұлттық заттардың, киімдердің, бұйымдардың. Суреттермен жұмыс жасау.

Негізі бөлім: Балалар осы заттарға жеке назар аударайық.

Қараңдаршы барлығында ою -өрнектердің суреттері өрнектелген.

Біз осы оюлардың аттарын білеміз бе?

.Әр оюға жеке тоқталып өту.

Мақал- мәтел ою туралы .

Ою ойғанның ойы ұшқыр.

Өнерлі бала өрге жүзер.

Өнерлі бала сүйкімді.

Жарайсыңдар балалар енді қызықты ойындар ойнайық.

Дидактикалық ойын: « Қандай ою »

Шарты: Балаларға ою түрлерін көрсетеміз,олар қандай ою екенін табулары қажет. Қарлығаш,балта,елік т.б.

Зейінді дамытатын логикалық ойын . « Өрнек салынған суретті тап »

Мақсаты: Балаларға қазақтың ұлттық бұйымдары мен ою өрнектері туралы түсінік беру.Ойын арқылы ұлттық салт дәстүрге деген қызығушылықтарын ояту,ой өрісін,зейіндерін дамыту.

Шарты: Үлкен луллия шеңберінде қазақтың ұлттық заттары мен киім,әшекей бұйымдарының суреттері.Кіші шеңберінде оюдың өрнегі салынған.Балалар кіші шеңбердегі ою қай суретте өрнектелгенін айтады.(Мысалы: Қошқармүйіз оюы қоржында).



Сергіту сәті :

Ал балалар тұрайық
Ою өрнек сызайық
Түйе табан ботакөз
Қос ізімен қос мүйіз
Құмырсқа белді әдемі
Ою өрнек әлемі.

Қорытынды:Сұрақтар қоя отырып оқу қызметіне қорытынды жасау.

Күтілетін нәтиже:Ұлттық бұйымдар мен ою өрнектерді біледі .

8. Тақырыбы: « Қайда мекендейді?»

Мақсаты: Балалардың танымдық және коммуникативтік дағдыларын дамыту. Жануарлар, құстар туралы білімдерін бекіту. Оларға күтім жасауға тәрбиелеу. Ойлау қабілетін зейінін жетілдіру белсенділігін арттыру.

Әдіс тәсілдері: Түсіндіру, көрсету, Сұрақ-жауап, ойын.

Көрнекіліктері: Интерактивті тақта, тақырыпқа байланысты суреттер.

Ұйымдастыру кезені: Миға шабуыл

-Балалар қазір жылдың қай мезгілі?	Бұл
мезгілде табиғатта қандай өзгерістер болады ?	
Адамдар қамқорлық жасайтын қандай жануарлар?	
Қандай үй жануарларын білесіндер?	Ал
өз қоректерін өздері тауып жейтін орманда өмір сүретін қандай жануарларды білесіндер?	

Ғажайып сәт: Ортаға әуенмен сандық кіргізіледі

Негізгі бөлім: Балалар мен ашып көрейін ішінде не бар екен?

(Сандықтың аузын ашқанда бір жағынан жағымды әуен естіледі)

Бұл жай сандық емес, сиқырлы сандық болды ғой.

Сандықтың ішінде тапсырмалар бар екен, ойын тапсырмалары.

1.тапсырма. Үй жануарлары мен жабайы жануарлардың төлдерін ата.

2.тапсырма. Дидактикалық ойын. “Даусынан таны”

Шарты: Үнтаспадағы жануарлардың дыбыстарынан қай жануар екенін табу, және қимылын көрсету.

3.тапсырма. Ойын: “Қайда мекендейді”

Мақсаты: Жануарларды, құстарды ажырата отырып, өз мекендерін табуға үйрету. Ой өрісін дамыту, жылдамдыққа, ептілікке үйрету.

Шарты: Суреттегі жануарлардың өз мекендерін табу. (Күшік-үйшікте, құс-ұяда, қой-қорада т.б)

Сергіту сәті: Қайда екен қолымыз

Қане қане тұрайық

Құстай қанат қағайық

Бір отырып, бір тұрып

Ұшып ұшып алайық.

Қорытынды: Балалардың сұрақ-жауап ала отырып іс әрекетке қорытынды жасау.

9 Тақырыбы: “Ойнайық та, ойлайық”

Мақсаты: Балалардың танымдық және физикалық қабілеттерін дамыту, 1-ден 10ға дейінгі реттік сандарды ауызша санау арқылы есептей білуге, сандарды тура, кері санауға артық, кем, тең таңбалары арқылы өрнектерді салыстыра білуге үйрету. Ойын арқылы есте сақтау қабілеттерін, сөздік қорын, логикалық ойлану қабілеттерін дамыту.

Әдіс тәсілдер: Көрсету, түсіндіру, ойын, пазыл.

Көрнекілігі: Интерактивті тақта. Суреттер, сандардың цифралары, ойынға қажетті заттар.

Ұйымдастыру кезеңі: “Ғажайып сәт”

-Балалар біреу есікті қағып тұр. Бізге қонақ келіпті.

-Сәлеметсіз бе?

-Сәлеметсіңдер ме балалар!

-Мен математика елінің ханшайымымын. Сендерге қызықты тапсырмалар мен ойындар алып келдім.


Сендердің білімді алғыр ақылды екендеріңді көруге келдім.

1. тапсырма. “Шатасқан сандар”

Сандар жазылған пазылды, тура ретімен қойып шығады. (1ден 10ға дейінгі)

2. тапсырма. Ойын. “Кім тапқыр”

Сиқырлы пішіндерді табу (үшбұрыш, төртбұрыш, дөңгелек, сопақша)



3.тапсырма.

-Логикалық есептер жасырамын сендерге балалар.

-Шешуін табасыңдар ма?

-Ия!

Үйге келді Алдияр
қоса Мадияр
келген Айдана
болды бар бала? (3)

Пісіп тұрғаны төрт алмұрт
Қызығатын көрген жұрт
Екі алмұртты бұтақтан
Алып кетті Мұратжан

Қанша қалды алмұрттан? (2)

Алмастын анасының төрт баласы бар.

Бір баласының есімі Арай

Екінші баласының есімі Марат

Үшінші баласының есімі Мақпал

Төртінші баласы кім? (Алмас)

-Жарайсыңдар балалар.

Оғана
Кейін
Қанша

Сендер өте білімді екенсіңдер.

Тапсырма:Қоянға сәбізге жетуіне көмектес.

Жерде текшеде сандар жазылған.Балалар сандарды ретімен қойып,қояндарша секіріп сәбізді қоянға әкеліп береді

Қорытынды: Қонаққа бізге кім келді?

-Біз оқу қызметінде не істедік

Сендерге ұнады ма?

Күтілетін нәтиже: Ойын тапсырмаларды орындай біледі.

10. Тақырыбы: « Логика әлеміне саяхат»

Мақсаты:Балалардың танымдық және зияткерлік қабілетін ойын арқылы жетілдіру.Баланы өздігінен шешім қабылдай алатын креативті,сыни ойлана алатындай болып өсуге тәрбиелеу.

Әдіс тәсәлдері :Көрсету,түсіндіру,сұрақ жауап,В.Васкобовичтің дамытушы әдістері.

Көрнекіліктер мен ресурстары: Интерактивті тақта.Ойынға қажетті заттар,суреттер.

Ұйымдастыру кезеңі: «Ұшпалы ашық микрофон»

-Керіктің неше аяғы бар?

-Қыс мезгілінде неше ай бар?

-Пілдің мұрны қандай?

-Бір аптада қанша күн бар?

-Бір жылда неше мезгіл бар?

-Екі қолда неше саусақ ?

Балалар микрофонды алып жауап береді.

Негізгі бөлім:Балалар біз бүгінгі оқу қызметімізде қызықты ойын тапсырмаларды орындаймыз.

1.Тапсырма : «Аңдарға жеміс жидек үлестір»

Балалар(+ қосу , -алу амалдары) арқылы есептерді шығарып,жеміс жидектерді тиісті аңға алып барады,сызық арқылы.

2. Тапсырма.Сурет жұмбақ.Сөзжұмбақ шешу.

Алмагүл,алтын,Айгүл сөздерінің жұмбағын шешу.

3.Тапсырма:саның цифрын суретпен сәйкестендіріп пазыл құрастыру.

4.Тапсырма: мойынорағышқа сәйкес келетін бас киімді тап.

Шарты:Мойын орағышта есептер жазылған,сол есепті шығарып бас киімді табады .

Сергіту сәті: Сандардың суретін салдық біз

Шаршап қалды қолымыз

Бір, екі, үш 1, 2, 3

Жинап алдық күш

Қорытынды: Балаларды мақтап мадақтау.Екі жұлдыз бір тілек.

Күтілетін нәтиже:Балалар тапсырмаларды дұрыс орындап,ойынға қызығушылық танытады.

11 .Тақырыбы: « Әдемі гүл құрастыр»

Мақсаты:Балалардың танымдық және физикалық дағдыларын дамыту,көркем эстетикалық шығармашылығын дамыту. Гүлдер туралы түсінік беру,олардың пішіндері,түстері туралы ұғымын бекіту,ойлау қабілеттерін арттыру.

Әдіс тәсілі:Түсіндіру,көрсету, ойын, жұмбақ.

Қолданылатын көрнекілігі: Интерактивті тақта,гүлдердің суреттері, қиылған пішіндер,көбелектер.

Ұйымдастыру кезеңі:Жұмбақ жасыру

Су құйсан, кетеді бойлап

Әдемі жұпар, не көрші ойлап? (Гүл)

- Балалар жылдың қай мезгілі?
- Көктемде қандай гүлдер өседі?
- Гүлдердің қандай түрлері бар?
- Олардың аттарын білесіңдер ме?

Негізгі бөлім: Балалар қараңдаршы мына гүлдерді

Сурет бойынша жұмыс жүргізіледі.

Топқа гүл тістеген күшік келуімен ғажайып сәт ұйымдастырылады

Ойын: «Гүл құрастыр»

Шарты:Қиылған пішіндерден гүлдер құрастырады және сол гүлдердің түсіне,көлеміне сәйкес көбелектерді қондырулары қажет.

Күшік аузына тістеп кірген гүлдері шашылып қалады.

Ой балаларым мына гүлдерім шашылып қалдығой.Маған көмектесесіңдер ме?

Балалар жарайды дейді.

Ол үшін гүлдерді құрастырып,қандай гүлдер екенін анықтап,қандай пішіндерден құралғанын анықтайық.Осы гүлдерге, түстеріне сәйкес көбелектерді қондырайық.

Балалар ойынды қызыға ойнайды.

Сергіту сәті: Біз гүлдерше өсеміз

Жапырағы шайқалған

Сабақтары салалы

Желге ырғалып жайқалған

Балалар әр гүлге сипаттама жасайды.

Бұл түймедақ гүлі-сопақша пішіндерден құрастырылды.Түсі ақ.

Қызыл гүл дөңгелек пішіндерден құрастырылды.

Қимылды ойын: «Көбелектер»

Шарты:Музыка әуенімен көбелектер ұшады.Музыка тоқтағанда,гүлдерге қонады.

Еркін ойын: Өздеріне ұнаған гүлдердің суреттерін салу. Шығармашылық жұмыспен айналысады. Дәстүрден тыс сурет салу.

Шығармашылық жұмыс: Балалар топтарға бөліп гүлдердің суретін салады, жапсырады .

Қорытынды: Екі жұлдыз бір тілек.

Күтілетін нәтиже: Балалар гүлдер туралы біледі, оларға қамқор болу керектігін ұғынады.

12. Тақырыбы: « Қайда өседі? »

Мақсаты: Трансформациялық логикалық ойындар арықылы балалардың танымдық және коммуникативті дағдыларын қалыптастыру. Білуге деген құштарлығын арттыру.

Жемістер мен көкөністер туралы түсініктерін арттыру.

Әдіс тәсілдері: Түсіндіру, көрсету, ойын, тақпақ.

Қолданылатын көрнекілігі: Интерактивті тақта. Жемістер мен көкөністердың суреттері, үлкен кіші текшелер, баулар.

Ұйымдастыру кезеңі: Ғажайып сәт

Қонаққа Бағбаншы ата келеді. Ол өзімен бірге өзінің өсрген жемістері мен көкөністерін алып келеді.

Сәлеметсіз бе !

Сәлеметсіңдер ме!

Мен Бағбаншы аталарың боламын.

Ол өзінің кәсібі, еңбегі туралы айтып береді балаларға.

Балалар мен сендерге өз жемістерім мен көкөністерімді алып келдім, сендер олардың аттарын білесіңдерме ?

Балалар айтып сипаттап береді, адам денсаулығына тигізер пайдасы туралы айтады.

Жемістер жырын айтып берейк Бағбаншы атаға.



Ойын : Жемістер жыры.

Балалар бастарына атрибуттар киіп жемістердің жырын айтады.

Алма : Мен алмамын ,алмамын

Балдай тәтті бар дәмім

Өрік: Мен өрікпін өрікпін

Айналама көрікпін

Алмұрт: Мен алмұртпын

Аузындамын бар жұрттын

Шие:Мен шиемін шиемін

Күннің көзін сүйемін

Жүзім:Мен жүзіммін жүзіммін

Талдан түсіп үзілдім

Ойын:Қайда өседі?

Шарты:Балаларға екі текше беріледі,бірі үлкен ішінде кіші текшесі бар.Үлкен текше сыртында ағаш пен жердің суреті.Кіші текшенің сыртында көкөніс пен жемістің суреті бейнеленген.

Балалар суретті анықтап,текшелерді табу қажет

Мысалы:Кіші текшеге алманың суретін. Үлкен текшеге ағаш суреті салынған . Кіші текшені сәйкесін тауып үлкен текшеге салады .Алма алма ағашында өседі.

Ойын:Тұздық пен шырын жасаймыз

Шарты: Екі ыдысқа көкөніспен жемісті жинату.

Қорытынды: Бағбаншы ата балаларға өз ризашылығын білдіреді. Себеттегі жемістер мен көкөнісін сыйлайды.

Күтілетін нәтиже: Балалар жемістер мен көкөністерді ажырата біледі.

13. Тақырыбы: “Не қайда тұрады?”

Мақсаты: Балалардың танымдық және коммуникативті дағдыларын дамыту, жан-жануарлар туралы түсініктерін арттыру. Баланың ойын арқылы ой өрісін, тілін дамыту.

Әдіс тәсілі: Көрсету, түсіндіру, ойын, жұмбақ.

Қолданылатын көрнекілігі: Суреттер, жануарлардың, олардың мекендерінің суреттері. Интерактивті тақта.

Сөздік жұмыс: Мекені

Ұйымдастыру кезеңі: Балаларға жұмбақ жасыру.

Бұлаңдаған құйрығы,

Бар айлалық қулығы. (Түлкі)

Паналайды үңгірді, (Аю)

Іздемейді тасаны.

Балаларға слайдтан жануарлардың суреттерін көрсету.

Жануарлардың, құстардың, жәндіктердің түрлеріне, тіршілігіне қорегіне, мекеніне тоқталу.

Балалар сендермен қызықты ойын ойнайық.



Ойын: “Не қайда тұрады?”

Мақсаты: Балаларға жануарлар туралы түсінік бере отырып, олардың мекенін білуге үйрету

Ойынның шарты:Балаларға суреттерді көрсетіп (иттің,қоянның,құстың т.б) сұрақтар қою арқылы әрқайсысының тұру орталығына орналастыру,немесе мекеніне.(Итке үйшік,қоянға қоршау,қойға қора т.б)

Дидактикалық ойын:Ненің құлағы?

Шартты:Балаларға жануарлардың құлақтары көрсетіледі,балалар ойланып жауап берулері қажет.Қандай жануарлардың құлағы екенін.

Дидактикалық ойын:Аңдарды тамақтандыр.

Мақсаты: Балалардың танымдық және физикалық қабілеттерін дамыту.

Ойынның шарты:Ортада маймылдың .кірпінің және қоянның суреттері тұрады.Балалардан аңдардың қандай жеміс пен көкөністі жақсы көретіндігін сұрайды. Мысалы: маймыл баннанды,қоян сәбізді ,кірпі алманы жақсы көретінін айтады. Арақашықтығы біраз жерде алма,банан ағаштары жемістерімен тұрады жерде сәбіздер өсіп тұрады.Балалар жемістерді алып жүгіріп аңдарды тамақтандырады.

Сергіту сәті: Ұзын құлақ,сұр қоян

Естіп қалып сыбдырды

Ойлы қырлы жерлерден

Ытқып, ытқып секірді

Қарап еді артына

Қиығын сап көзінің

Келе жатқан томпаңдап

Көжегі екен өзінің

Қорытынды: Сұрақ жауап арқылы,оқу қызметіне қорытынды жасау.

Күтілетін нәтиже:Балалар жан жануарлар туралы,олардың тіршілігі,мекені жайлы біледі.

14. Тақырыбы: “Сандарды ретімен қоя отырып сурет құрастыр”

Мақсаты: Балалардың танымдық қабілеттерін арттыру, сандар туралы ұғымын кеңейту (1-10 ға)дейінгі сандарды ретімен қоя отырып, бір бейнелі

суретті құрастыра білуге үйрету. Ойын арқылы ойлау қабілетін арттыру, Топқа бөлініп жұмыс жасауға бір біріне көмектесуге тәрбиелеу.

Әдіс тәсілдер: Түсіндіру, сұрақ жауап, көрсету, ойын.

Қолданылатын көрнекі құралдар: Интерактивті тақта. Сандар жазылған қиынды суреттер.

Ұйымдастыру кезеңі: Санамақ айту.

Бір дегенім бөрі
Екі дегенім егеу
Үш дегенім үскі
Төрт дегенім төсек
Бес дегенім бесік
Алты дегенім асық
Жеті дегенім желке
Сегіз дегенім серке
Тоғыз дегенім торқа
Он дегенім оймақ

Негізгі бөлім: Балалар 1 ден 10 ға дейінгі сандарды тура және кері санайды. Ойын тапсырмалар орындайды. Санның көршісін тап, жоғалған сандарды тап.

Құрылымдалған ойын: Сандарды ретімен қойып суретті құрастыр.

Мақсаты: Сандарды ретімен танып білуге және топпен жұмыс жасауға тәрбиелеу. Сыни ойлауын, коммуникативті дағдыларын қалыптастыру.

Шарты: Балалар төрт топқа бөлініп отырады.

Әр топқа қиылған суреттер таратылады. Балалар сандарды ретімен қоя отырып суретті құрастырады. Суретте мультфильм кейіпкерлерінің бір бейнесі шығады, балалар сол туралы айтып баяндап береді қысқаша. Мысалы(өрмекші адам)



Сергіту сәті: Кел балалар тұрайық

Қолды белге қояйық

Оңға қарай иілдік

Солға қарай иілдік

Бір отырып бір тұрып

Бәріміз бір сергідік .

Балаларға логикалық жұмбақтар жасыру.

Екі қаз ұшып барады

Биіктен төмен қарады

Аяқ нешеу бас нешеу

Жауабын кім табады . (4 аяқ ,2 бас)

Алма бағы жайнаған

Қызыл алма айналам

Тағы алдым екеуін

Қалды сонда нешеуі ? (4 алма)

Қорытынды: Сұрақ жауап арқылы қорытынды жасау.

Екі жұлдыз бір тілек.

Күтілетін нәтиже: Балалар санның цифрларын танып ,суреттерді құрастыра біледі.

15 . Тақырыбы: “Қазына табу”

Мақсаты: Балалардың ойын арқылы танымдық ой қабілеттерін, логикалық ой өрісін дамыту. Геометриялық пішіндер мен денелерді ажырата білуге кеңістікті бағдарлай білуге үйрету.

Әдіс тәсілі:Көрсету ойын, түсіндіру,жұмбақ.

Көрнекілігі: Интерактивті тақта. Геометрияның фигуралар,денелер,теңге, дорбаша.

Ұйымдастыру кезеңі:Балаларға геометриялық пішіндер туралы жұмбақ жасыру.

Допқа өзі ұқсайтын

Ерекше бір пішін бар

Атын оның атаңдар (дөңгелек)

Төрт бұрышы бар

Төрт қабырғасы бар

Бұл қай пішін ? (Шаршы)

Атына сай балалар

Үш бұрыш, үш жағы бар

Ол пішіндерді кім табады? (үш бұрыш)

Негізгі бөлім: Балаларға дайын слайд көрсетіледі. Геометриялық денелерді, геометриялық пішіндерді.

Шар-шар, ол дөңгелек.

Шарға не ұқсайды?

Доп, моншақтар, глобус, шырша ойыншықтары.

Текше-куб, шар сияқты дөңгелек емес.

Текшеге-теледидар, сумка, кубик ойыншықтары, үй қабырғасы ұқсайды.

Цилиндр-цилиндрді сырғанақ деп атасақта болады. Бірнеше цилиндрді қойып үстіне зат қойсаң сырғанайды.

Конус-үш бұрыштың модульі яғни ол конус екен. Пирамидаға, үй шатырына туылған күнде киілетін бас киімге ұқсайды екен.

Есік қағылып: Топқа хат келеді.

Балалар мына хатты бізге кім жіберіпті, қане ішін ашып оқып көрейік.

Сәлеметсіңдер ме, Балалар! Мен сендердің достарың Әлимін.

Сендердің маған көмектерін керек болып тұр. Мен қазынамды жоғалтып алдым, маған тауып бересіңдер ме? Маған ол қазынаны атам мен әжем ауылдан беріп жіберген еді.

Ойын: “Қазына табу.”

Мақсаты: балаларға геометриялық денелерді танып, орнын анықтай білуге үйрету.

.Балалар Әлидің қазынасын табуға көмектесеміз бе?

Қалай ойлайсындар қазына қайда екен, қане іздеп көрейкші.

Мүмкін мына тұрған геометриялық денелердің астында шығар. Мен сендерге бағытын айтып тұрайын сендер іздеп көріңдер.

-Үлкен оң жақтағы текшенің астын көріңдер.

-Жоқ екен.

-Кіші ортадағы текшені көріңдер.

-Жоқ

-Сол жақтағы кіші цилиндрдің астын көріңдер.

-Жоқ

-Ортадағы үлкен конустың астында ше?

-Жоқ

-Балалар қайда екен, тағы іздеп көрейік

-Ортадағы үлкен цилиндрдің астын көріңдерші

-Алақай осында екен, деп балалар қуанады.

-Тауып алдық Әлидің қазынасын.

-Кішкене дорбашада не бар екен?

-Теңгелер мен асықтар бар екен

Біз бұл дорбашаны почташыдан беріп жіберейік.

Сергіту сәті:

Бойды сергек тік ұста

Емін еркін тыныста

Деміді ішке тез алда

Оң қолыңды соз алға


Қол ұшына қарада

Үш бұрыш сыз ауада.

Сол қол бос тұрмасын

Шеңбер жасап тыңбасын

-Балалар енді тапсырмалар орындайық



1.тапсырма : “Ұқсас бейнені тап”

Геометриялық фигуралардан тұратын заттардың суреттері мен соған сәйкес фигураларға ұқсас заттың суретін сызықпен қосуы керек.

2.тапсырма: “Танграмм”

Балаларға үлгі бойынша құрастыруға фигуралар беріледі.Алдымен бейнеленген заттардың әр бөлшектері қандай фигуралардан тұратынын айтып кетеді.

Қорытынды: Балалар ойын ұнады ма? Әли мен Айя сендерге рахмет айтып жатыр.

Күтілетін нәтиже: Балалар геометриялық денелерді, пішіндерді біледі және қоршаған ортадағы заттарға ұқсасын таба алады.

16.Тақырыбы: «Отбасында кім жоқ ?»

Мақсаты:Отбасы туралы түсінік бере отырып отбасын тануға оларды құрметтеуге тәрбиелеу.Ойын арқылы сыни ойлауын, есте сақтауын қалыптастыру.

Әдіс тәсілдері: Көрсету, түсіндіру, сұрақ жауап, ойын, жұмбақ.

Көрнекілігі:Отбасы суреттері ,интерактивті тақта, таратпа суреттер әр балаға жеткілікті.

Ұйымдастыру кезеңі: Жұмбақ жасыру.

Айтары мол ғұлама

Көп жасасын бұл адам

Әкесі ол әкеңнің

Білер оны сұраған

Ол кім ? Ата

Дегенімді жасайтын

Тағамды қалған асайтын

Ертіп алып жетектеп

Немерем деп атайтын

Ол кім ? Әже

Отбасының тірегі

Асқар тауым киелі

Ол кім ? Әке

Бала бала бала деп

Түнде шошып оянған

Түн ұйқысын төрт бөліп

Мұздай бесік таянған

Ол кім ? Ана

Негізгі бөлім: Балалар бір сөзбен айтқанда бұлар кімдер ?

-Дұрыс айтасыңдар Отбасы екен .

-Отбасы деген бізге ең жақын адамдар екен.

-Біз бүгін отбасына байланысты қызықты ойындар ойнаймыз.

Ойын : Отбасында кім жоқ

Шарты: Балаларға дастархан басында отырған отбасы мүшелерінің суреттері көрсетіледі .Интерактивті тақта арқылы.


Әр суретте бір отбасы мүшесі жоқ болады ,балалар сол отбасындағы адамды табулары қажет.

Ойын: «Отбасы суреттерінің орнын тап»

Мақсаты:Отбасы мүшелерін танып тиісті орындарына орналастыру,геометриялық пішіндерді ажыратып,кеңістікті бағдарлауға үйрету.

Шарты:Әр балада қағаз бетінде отбасы суреттерінің орны тұрады.Балалар сол орындарға сәйкес суреттерді орнына қойып айтып берулері қажет.(Атаның суреті ортада тұрады,пішіні тік төртбұрыш.

Әженің суреті төменгі жолақта оң жақта ,пішіні сопақша.



Сергіту сәті

Бір үйде біз нешеуіміз?

Кел санайық екеуіміз

Бас бармағым- әкем

Балан үйрек- анам

Ортан терек- ағам

Шылдыр шүмек -мен

Кішкентай бөбек- сен

Бір үйде біз нешеуіміз?

Бір үйде біз бесеуіміз

Қорытынды:Бағдаршам арқылы бағалайды .

Күтілетін нәтиже:Балалар отбасы мүшелерін біледі. Ойынның шарттарын түсініп кеңістікті дұрыс бағдарлай алады,геометриялық пішіндерді ажыратады.

17 .Тақырыбы: «Қолғаптың сыңарын тап»

Мақсаты:Балалардың дыбыс және әріп туралы түсініктерін пысықтау.

Буындардан сөздер құрап айтуға,оқуға дағдыландыру,ойлау,есте сақтау қабілеттерін арттыру.

Әдіс тәсілдері: Көрсету,түсіндіру,сұрақ жауап,ойын,жұмбақ жасыру.

Көрнекілігі:Әріптер кестесі,буындар жазылған қолғаптар.Интерактивті тақта.

Ұйымдастыру кезеңі: жұмбақ

Көп әріп ішінде

Шалғы пішінде

Тап мұны, түсін де (Ғ)

Тауда бар, таста жоқ

Жауда бар, доста жоқ (У)

Тазыда бар, итте жоқ

Қазыда бар, сүтте жоқ (З)

Негізгі бөлім: Миға шабул әдісі

-Балалар дыбыс деген не?

-Дыбыстар нешеге бөлінеді?

-Дауысты дыбыстарды қандай түспен белгілейді?

-Дауыссыз дыбыстарды қандай түспен белгілейді?

Балалардың жауаптары тындалынады.

-Қазір жылдың қай мезгілі?

-Қыста біз қолымызға не киеміз?

Балалар:Қолғап.

Олай болса біз бүгін « Қолғаптың сыңарын тап « деген ойын ойнаймыз

Ойын:”Қолғаптың сыңарын тап”

Мақсаты:Буындардан сөздерді құрап айтуға үйрету,ой өрісін,тілін дамыту.

Шарты:Қолғаптар екі екіден сынарымен,әр қолғапта буындар жазылған.Балалар сол буындардан сөз құрап екінші қолғаптың екінші сыңарын табады.

Мысалы:Ша-на,са-ғат.(екі қолғапта жазылады)

Дидактикалық ойын: “Сөйлемдерді толықтыру”

Шарты: Балалар педагогтің бастаған сөйлемін жалғастырады.

-Өзімнен үлкен бауырым... аға

Қыз құлағындағы әшекей... сырға

Қап қара құс...қарға

Шегені қағатын...балға

Жарыста айтылатын сөз...алға

Шыр шыр еткен...торғай

Мысық баласы...марғау

Сергіту сәті:Дыбыстық жаттығу

Ян-ян-ян

Секіреді қоян

Кі-кі-кі

Бұлтандайды түлкі

Ыр-ыр-ыр

Ырылдайды қасқыр

Ю-ю-ю

Балпандайды аю

Қимылмен айтып қайталайды.

Қорытынды:Сұрақ жауап арқылы оқу қызметіне қорытынды жасау

Күтілетін нәтиже: Балалар дыбыстарды ажыратып буындардан сөздер құрай біледі.

18.Тақырыбы: « Сиқырлы су»

Мақсаты:Балалардың танымдық және зерттеушілік қабілеттерін дамыту.Сумен,судың сұйық қасиеттерімен таныстыра отырып тәжірибе жасау процесінде танымдық қызығушылығын ояту.

Әдіс тәсілдері:Көрсету,түсіндіру,тәжірибе жасау,сұрақ жауап,ойын.

Көрнекілігі: Интерактивті тақта,су құйылған стақандар,бояулар,су,қант,бояғыштар тағамға қосатын,ойынға қажетті заттар.

Ұйымдастыру кезеңі: Шаттық шеңбері.

Арайлап таң атты.

Алтын шуақ таратты.

Қайырлы таң қайырлы күн!

Күліп шықты күн бүгін!

Балалар қане айтыңдаршы қазір жылдың қай мезгілі?

Мен сендерге жұмбақ жасырайын: Дәмі жоқ, түсі жоқ

Пайдаланбас кісі жоқ. Су

Шомыласың жүзесін

Шөлдегенде ішесін. Су

Негізгі бөлім:Балалар дұрыс айтасыңдар .Біз бүгін осы су туралы оқу іс әрекетімізді өтеміз

.Балаларға судың суреттерін көрсетіп,дауысын естірту тақтадан.

Дамытушылық ойын :Су кімге керек

Мақсаты:Судың қажеттілігін және маңыздылығын түсіне білуге,суды орнымен пайдалануға тәрбиелеу.

Шарты:Тақтада көптеген суреттер ілулі тұрады.Балалар суды қажет ететін суреттерді тауып алжапқышқа жапсырады.

Балалар білесіңдер ме судың сиқырлы қасиеттері бар екен ,оны көргілерің келеді ме? Олай болса біз зертханға барайық.

Зертханаға келу.Зертханада біз қандай ережелерді сақтаймыз.Рұхсатсыз ештеңені ұстамаймыз.

1.Тәжірибе: Судың қасиетін анықтау.Су сұйық зат,су құйылады.су бұл сұйықтық ол ағады,оны құюға болады.Суды бір ыдыстан екінші ыдысқа құюға болады.Қане балалар біз суды ыдысқа құйып көрейік.

2.Тәжірибе:Су иіссіз,дәмсіз.Судың қасиетін анықтау.Балалармен судың дәмін қант,тұз қосып араластырып анықтау.

3.Тәжірибе:Судың түссіз екенін анықтау.Балалар судың түсі болама көрейік екі ыдысқа біреуіне су,біреуіне сүт құямыз .Енді қасық салайық ,қай ыдыста қасықты көріп тұрсыңдар?

Су құйылған ыдыстан. Көрдiңдер ме судың түсі жоқ екен.Сүт құйылған ыдыстан қасықты көрмедік.

Суға бояу салып көрейік .Судың әр түске айналғанын көру.

4.Тәжірибе:Батады,батпайды.

Мақсаты: Жеңіл ауыр,қатты, бататын, батпайтын заттардың қасиетін айтып түсіндіру.

Екі ыдыстағы суға біреуіне доп,біреуіне тас салып көрейік.

Балалар доп суға неге батпады?

Балалар:Өйтені доп жеңіл .

Ал тас қандай?

Қатты ауыр.Тас суға батып кетті .



Сергіту жаттығуы: Сылдырлайды мөлдір су

Мөлдір суға қолыңды жу.

Жуынсаң сен әрдайым.

Таза бетің маңдайың .

Тазалықтың досы,

Су дегенің осы.

Балаларды зертханадан шығарып топта еркін ойынға жіберу.

Сумен қуыршақтарының кірін жудырып, ойыншықтарын жудыру.

Мақсаты :Балаларды судың қолданылуын түсіндіре отырып,еңбекке тәрбиелеу.

Қорытынды: Балалар біз бүгінгі іс әрекетімізде не туралы айттық?

Судың қандай қасиеті,пайдасы бар екен?

Біз оған көзімізді жеткіздік пе?